

Қобда ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 162 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қазанда № 3654 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 06 қаңтардағы № 01 қаулысымен. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 06 қаңтардағы № 01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 06.01.2015 № 01 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қобда ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Елеусіноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Жүсібалиев

Қобда ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 162 қаулысына
1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Тұрғылықты жердің атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны (адам)
1	Қобда ауылы	150
	Барлығы	150

Қобда ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 162 қаулысына
2 қосымша

Бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар				
	Балабақшалар (бөбекжайлар)				
	сұйық отынмен жылыту				
	1 топтан 3 топқа дейін	4 топтан 5 топқа дейін	6 топтан 7 топқа дейін	8 топтан 9 топқа дейін	10 және одан да көп топтарға
	34791	32520	30667	25247	19847

кестенің жалғасы

қатты отынмен жылыту					электр, газ немесе орталықтан жылыту				
1 топтан 3 топқа дейін	4 топтан 5 топқа дейін	6 топтан 7 топқа дейін	8 топтан 9 топқа дейін	10 және одан да көп топтарға	1 топтан 3 топқа дейін	4 топтан 5 топқа дейін	6 топтан 7 топқа дейін	8 топтан 9 топқа дейін	10 және одан да көп топтарға
26335	4476	22792			25486	24781			

Қобда ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 162 қаулысына
3 қосымша

Бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар	
	Балабақшалар (бөбек – балабақшалар)	
	ұйымдарда болу ұзақтығымен	
	9-10,5 сағат	12 сағат
	400	420

Ескертпе: бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері 420

теңгеден артық емес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК